

07.04.2024 ж. «Sapa Digital Finance» МҚҰ» ЖШС Директорының
шешімімен бекітілген Микрокредитті ұсыну жөніндегі шарттын
стандартты талаптарына қосылу туралы өтініштің үлгілік
нысандарына
№1 Қосымша

05.05.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен

**«Sapa Digital Finance» МҚҰ» ЖШС
МИКРОКРЕДИТТІ ҰСЫНУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТТЫН
СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ**

Алматы қ.

1. Анықтамалар мен түсіндірмерлер

1.1. «Sara Digital Finance» МҚҰ» ЖШС Директорының шешімімен бекітілген Микрокредитті ұсыну жөніндегі шарттын стандартты талаптарында айқындалған мақсаттар үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалар келесі мағынада пайдаланылады:

«Аутентификация» - клиенттің, электрондық хабарламалардың және өзге де құжаттардың, оның ішінде микрокредит беру үшін қажетті, сондай-ақ клиентті және оның өз еркінің мазмұнын айқындайтын құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқалығын тексеру рәсімі;

«Биометриялық сәйкестендіру» - жеке басты физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілері негізінде сәйкестендіретін шаралар кешені;

««Вознаграждение» – SDF-ке тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен микрокредит сомасына пайыздық мәнде белгіленген микрокредит үшін төлем;

«Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі» – қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі.

Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі оны есептеу үшін қажетті деректер қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерген жағдайда түзетілуі тұлға;

«Сатып алу-сату шарты» – Көлік құралын сатып алу-сату әрекеттеріне қатысты сатып алушы ретінде Қарыз алушы мен сатушы арасында тиісті түрде жасалған сатып алу-сату шарты;

«Шарт», «Микрокредит беру туралы шарт» – SDF және Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) арасында Қолданыстағы заңнамада және осы Стандартты талаптарда белгіленген тәртіппен жасалған, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Стандартты талаптарды, Қосылу туралы өтінішті, Өтеу кестесін, ал сондай-ақ осы Стандартты талаптар шеңберінде Қарыз алушы берген/ қол қойған өзге де өтініштерді/келісімдерді қамтитын Шарт;

«Дилер» – автокөліктерді сату, оларға сервистік қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

Қарыз алушы – Шарт жасасқан, Микрокредит алған және алынған ақшаны қайтару және алынған микрокредитті, оның ішінде қолданыстағы заңнамада белгіленген микрокредит бойынша есептелген сыйақы мен басқа да төлемдерді толық көлемде төлеу міндеттемелерін өзіне қабылдайтын жеке тұлға/ жеке кәсіпкер/ заңды тұлға;

«Заң» - 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңы;

«Қосылу туралы өтініш» – Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушының (бар болса) Стандартты талаптарға қосылу және SDF-пен Шарт жасасу ниетін қамтитын SDF-ке белгіленген нысан бойынша жіберілген Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушының (бар болса) ұсынысы (офертасы). Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) қол қойған Қосылу туралы өтінішті SDF-ке беру осы Стандартты талаптарды және Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылады;

«Клиентті сәйкестендіру» - клиенттің одан әрі бірдейлендіруді жүргізу мақсатында өзінің сәйкестендіру деректерін ұсыну рәсімі;

«Кредиттік бюролар» - «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және т.б. кредиттік бюролар;

«Жеке кабинет» - Микрокредиттерді беру аясында SDF пен Клиент арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің көпфункционалды қорғалған сервисі;

«Микрокредит» - SDF Қарыз алушыға Заңда, Қолданыстағы заңнамада және Шартта төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарымен белгіленген мөлшерде және сол тәртіппен теңгемен берілген ақша. Микрокредит келесі мақсаттар үшін беріледі:

- Қажетті ақша сомасын Дилердің ағымдағы шотына аудару жолымен көлік құралын сатып алу үшін;
- сақтандыру компаниясының (компаниялардың) ағымдағы шоттарына сақтандыру сыйлықақыларын төлеу арқылы міндетті/ ерікті сақтандыру қызметтері үшін төлем жасау үшін;
- Тұтынушылық мақсаттар үшін: Қарыз алушының IBAN шотына қаражат аудару жолымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін төлем жасау және (немесе) өзге де мақсаттар;
- Қарыз алушының IBAN шотына қаражат аудару жолымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты мақсаттар үшін (бизнесті дамыту, қаражат айналымын толықтыру).

«Қолайсыз жағдайлар» - Сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін туындаған, Көлік құралына қатысты айдап әкету, ұрлау, кепіл құқықтары, тыйым салу немесе өзге де ауыртпалықтар немесе үшінші тұлғалардың талап етуі, сот, төрелік және мемлекеттік органдардың өзге де шешімдері немесе актілері, сондай-ақ нәтижесінде сатушының немесе Қарыз алушының Көлік құралын иеленуі заңсыз болып табылатын немесе сатушының немесе Қарыз алушының Көлік құралына меншік құқығының заңдылығына дау айту қатері бар өзге де әрекеттер мен оқиғалар.

«НЖ» - Кепіл нысанасына (Көлік құралына) орнатылатын навигациялық жабдық. НЖ Қарыз алушының SDF-ке Микрокредит қайтару, сыйақы төлеу, төлем мерзімін өткізіп алу үшін тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ міндеттемелерді орындау және Шарт, осы Стандартты талаптар және автокөлік құралының кепіл шартына сәйкес Қарыз алушыға шаралар қолдану мақсатында Қарыз алушының келісімімен кепіл нысанасына (Көлік құралына) орнатылады.

«Микрокредиттерді беру ережелері» - Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және микрокредиттеудің қағидаттарын, тәртібін және талаптарын анықтайтын SDF ішкі ережелері.

«Кепіл нысанасы» - Көлік құралы, сондай-ақ Қарыз алушының Микрокредит сомасын SDF-ке қайтару, сыйақы, Микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын төлеу, Шарт бойынша SDF шығыстарын өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындауын, сондай-ақ Шартта және автокөлік құралының кепіл шартында көрсетілген SDF алдындағы Қарыз алушының өзге де міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ететін SDF кепіліне Қарыз алушы немесе кепіл беруші берген өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлік;

«SDF өкілі» - Қарыз алушылардан құжаттарды қабылдауға, SDF атынан шарттарға қол қоюға, Қарыз алушыларға өтеу кестесін ұсынуға, сондай-ақ сенімхатта және/немесе өзге де құжатта көзделген басқа да әрекеттерді жасауға құқылы сенімхат және/немесе өзге құжат негізінде SDF уәкілеттік берген жеке тұлға. SDF өкілі Дилердің ғимаратында/үй-жайында орналасқан;

«Қолданыстағы заңнама» - референдумда белгіленген тәртіппен немесе уәкілетті мемлекеттік орган немесе мемлекеттің лауазымды тұлғасы қабылдаған нормативтік құқықтық актілер жиынтығынан тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы;

«Клиенттерге қолдау көрсету қызметі» - SDF-тің әлеуетті және ағымдағы клиенттерімен, олардың өтініштері, сұраулары мен шағымдарымен жұмыс жасау үшін жауапты SDF-тің құрылымдық бөлімшесі. Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне келесі арналар бойынша жүгінуге болады:

- +7 727 355 05 72 телефоны бойынша;
- info@sdfinance.kz электрондық поштасы арқылы.

«Қосалқы қарыз алушы» - шартқа сәйкес Микрокредит бойынша міндеттемелерді орындау үшін ортақ жауапты болатын жеке тұлға/ жеке кәсіпкер/ заңды тұлға;

«Тараптар» - Қарыз алушы, Қосалқы қарыз алушы (бар болса) және SDF, ал жеке-жеке олар **«Тарап»** деп аталады;

«Көлік құралы» - Шарт шеңберінде берілген Микрокредит сомасы есебінен сатып алынатын және/немесе Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін жасалған автокөлік құралының кепіл шартына сәйкес кепілге берілген бір немесе бірнеше көлік құралы және оны/оларды ажыратуға болмайтын жақсартулар;

«ЭЦҚ» - «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған электрондық цифрлық символдар жиынтығы. Шартты орындау шеңберінде ЭЦҚ арқылы қол қойылатын кез келген құжаттар – құжаттың жазбаша/қағаз нысанына теңестірілген құжаттар болып саналады.

- 1.2. Егер түпнұсқа мәтіннен өзгеше туындамаса, жекеше түрдегі терминдер мен анықтамаларға кез келген сілтемелер көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға сілтемелерді білдіреді.
- 1.3. Егер өзгеше тікелей көрсетілмесе, бапқа сілтеме, тармақ Шарттың бабына немесе тармағына сілтеме болып табылады.
- 1.4. Тақырыптар сілтемеге ыңғайлы болу үшін берілген және Шартты түсіндіру үшін пайдаланылмайды.

2. Негізгі ережелер

- 2.1. Стандартты талаптар SDF-пен анықталған және SDF интернет-ресурсында жарияланған ("www.sdfinance.kz").
- 2.2. Осы Стандартты талаптар Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі 152-бабының талаптарына сәйкес жазбаша нысанда ресімделген болып есептеледі.
- 2.3. Осы Стандартты талаптар жеке тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға микрокредиттер беру, сондай-ақ оларға қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды, SDF құрылған күннен бастап әрекет етеді және әрбір Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

- 2.4. Микрокредит сомасын, өтеу мерзімдерін, тәсілін, әдісін және кезектілігін, Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді, Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде қабылданатын шараларды, Шарттың қолданылу мерзімін қамтитын Шарттың жалпы талаптары Қосылу туралы өтінішпен айқындалады.
- 2.5. Стандартты талаптарда айқындалған Шарттың талаптары барлығы үшін бірдей және оны Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) жалпы, толық көлемде Стандартты талаптарға қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) онымен сөзсіз келіседі.
- 2.6. Қарыз алушының және Қосалқы қарыз алушының (бар болса) Шарт талаптарын қабылдауы (Стандартты талаптарға қосылуы / Шарт жасасуы) Стандартты талаптарға сілтемесі бар Қосылу туралы өтінішке Қарыз алушының және Қосалқы қарыз алушының (бар болса) қол қоюы арқылы көрсетіледі. Қосылу туралы өтініште Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушының (бар болса) қолы Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушының (бар болса) Шартты/Стандартты талаптарды қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады.
- 2.7. Шарт Қосылу туралы өтініштегі Қарыз алушының және Қосалқы қарыз алушының (бар болса) офертасын SDF акцепті жолымен жасалады. SDF-тің Қарыз алушыға Микрокредит беруі акцепт болып табылады.
- 2.8. Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) осы Стандартты талаптармен дербес түрде танысады.
- 2.9. Тараптар Шартқа, Қосылу туралы өтінішке, Өтеу кестесіне, қосымшаларға, келісімдерге, ілеспе құжаттарға қол қою Тараптардың ЭЦҚ-сы арқылы жүргізілуі мүмкін деп келісті. Бұл жағдайда құжаттардың жазбаша/қағаз нысанына қатысты Шарт бойынша барлық сілтемелер «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық нысанмен ауыстырылады. Мұндай Шартты, Қосылу туралы өтінішті, Өтеу кестесін, қосымшаларды, келісімдерді, ілеспе құжаттарды сақтау тиісті Тараптың қалауы бойынша таңдалған нысанда жүргізіледі. Егер Қарыз алушыға құжаттардың қағаз түпнұсқалары (электрондық нысанда қол қойылған) қажет болса, онда SDF оларды жіберуге байланысты шығыстарды (Қарыз алушыға және SDF-ке) толығымен Қарыз алушыға жүктеуге құқылы.
- 2.10. Тараптар Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (бар болса) бірлесіп, бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын бір тарап ретінде әрекет ететініне келісті. Бұл ретте егер Шарттың талаптарында өзгеше айқындалмаса, Шарт бойынша Қарыз алушының барлық құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Стандартты талаптардың ережелері, Қарыз алушыға және Қосалқы қарыз алушыға қатысты тең дәрежеде қолданылады. Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы Шарттың талаптарын орындайды және Шарт бойынша міндеттерді толығымен ортақ атқарады. Қарыз алушыға жасалған барлық сілтемелер Қарыз алушыны да, Қосалқы қарыз алушыны да, олардың әрқайсысын да жеке-жеке білдіреді.
- 2.11. Тараптар Шарт шеңберінде SDF-тің қызметт көрсетуі және Микрокредит беруі Қазақстан Республикасының заңнамасына және SDF-тің ішкі құжаттарына сәйкес ерікті негізде жүзеге асырылатынымен сөзсіз келіседі.
- 2.12. SDF Қарыз алушымен Шарт жасасу сәтіне дейін Микрокредит беруге және Қарыз алушы алдында міндетті болуға міндетті емес.
- 2.13. Осы Стандартты талаптарға қосылған (қосылатын) Қарыз алушы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес, SDF- қызметтерін көрсету Қарыз алушының дербес деректерін

жинау және өңдеу қажеттілігімен ұштасатынына келіседі, осыған байланысты Қарыз алушы МҚҰ дербес деректерді, яғни барлық мәліметтерді жинауға және өңдеуге, яғни Қарыз алушыға қатысты және электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген немесе оның қызметі процесінде МҚҰ белгілі болған және/немесе Стандартты талаптар/ Шарт шеңберінде туындаған (туындайтын) Тараптар арасындағы азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастар шеңберінде белгілі болатын деректерді береді Қарыз алушы SDF «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның және/немесе Тараптар қол жеткізген уағдаластықтардың талаптарын сақтаған жағдайда, бұдан әрі дербес деректерді жинауға және өңдеуге қатысты SDF-ке қандай да бір талаптардың болмайтынын растайды.

3. Қарыз алушының құқықтары

- 3.1. Микрокредит берудің ережелерімен, Микрокредит беру бойынша SDF тарифтерімен танысуға.
- 3.2. Алынған Микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда билік етуге.
- 3.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне тап келген жағдайда, тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуге.
- 3.4. Тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, Шарт бойынша берілген Микрокредит сомасын SDF-ке мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға.
- 3.5. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, SDF-ке жазбаша өтінішпен жүгінуге;
- 3.6. Қарыз алушы - жеке тұлға құқылы:

1) Міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде SDF-ке баруға және (немесе) жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы немесе Шартта көзделген тәсілмен міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кетуінің себептері, кірістері және оның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға, оның ішінде келесі жағдайдарға байланысты болатын мәліметтерді ұсынуға құқылы:

- Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертумен;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдырумен;
- берешекті өтеу әдісінің немесе берешекті өтеу кезектілігінің, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;
- Микрокредит мерзімін өзгертуге;
- тараптармен келісілген мерзімдерде ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті Кепіл берушінің дербес өткізуімен;
- Микрокредит ұсыну туралы шарты бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті сатумен;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, Микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жоюмен;
- SDF-ке кепіл нысанасын беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынумен;

- 2) заңды күшіне енген сот актісі, Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық жазба, бітімгершілік келісім немесе медиация тәртібімен дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім болмаған жағдайда немесе Шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін, сондай-ақ, егер Шарт бойынша құқық

(талап) SDF-тен үшінші тұлғаға берілмесе, Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш беруге;

- 3) Қарыз алушы SDF-пен жасалған келісім бойынша Шартқа сәйкес мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін SDF өтінішті қарағанға дейін дербес түрде өтеуге;
- 4) Бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы SDF шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Заңның 9-2-бабының 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген мерзімде Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде SDF-ті бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы;

4. SDF құқықтары

- 4.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге.
- 4.2. Қарыз алушы Микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық мерзімге бұзған жағдайда Микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.
- 4.3. Атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алуға.
- 4.4. Қарыз алушыдан Микрокредит беру туралы шарт және осы Стандартты талаптар бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті, сондай-ақ Микрокредиттер беру ережелерінде айқындалған және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға. Қарыз алушы сұралған құжаттар мен мәліметтерді 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады. Сұратылған құжаттар мен мәліметтерді көрсетілген мерзімде ұсынбау өтінішті қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады. SDF ол туралы тиісті хабарлама жібереді.
- 4.5. Қарыз алушыдан Микрокредит бойынша берешекті ол бойынша тиесілі сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеумен бірге мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада және автокөлік құралы кепілінің тиісті шартында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының Шарт талаптарын және/немесе осы Стандартты талаптарды бұзған келесі жағдайлардың кез келгенінде кепіл нысанасынан өндіріп алуды талап етуге:
 - 1) Қарыз алушы шарт және осы Стандартты талаптар бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайлар;
 - 2) Қарыз алушының дәйексіз ақпаратты ұсыну фактілері анықталса;
 - 3) Шартқа сәйкес берілген Микрокредит бойынша және Микрокредитті пайдалану үшін сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек қалыптастырылған жағдайда;
 - 4) Кепіл нысанасының жай-күйі нашарласа (жойылу, бүліну, құнсыздану және т. б.);
 - 5) кепіл беруші қайтыс болса;
 - 6) SDF-ке Қарыз алушыны және/немесе кепіл берушіні оналту, банкроттық, қайта ұйымдастыру туралы іс жүргізуді қозғау мүмкіндігі туралы ақпарат келіп түссе;
 - 7) Қарыз алушы сот процесіне тартылған және/немесе егер Кепіл нысанасына тыйым салынған немесе өндіріп алу қолданылған болса (немесе осындай мән-жайлардың туындауының нақты қаупі бар болса));
 - 8) егер Қарыз алушыға қарсы мемлекеттік органдардың қандай да бір актісі, оның ішінде Шарт, осы Стандартты талаптар және автокөлік құралының кепіл шарты бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін сот актілері қабылданса;
 - 9) Қарыз алушы Шартта және/немесе осы Стандартты талаптарда және/немесе автокөлік құралының кепіл шартында Қарыз алушы SDF-ке берген қандай да бір растауды немесе кепілдікті бұзған жағдайда;

- 10) Қарыз алушы/Кепіл беруші автокөлік құралының кепіл шартының талаптарын бұзса және/немесе SDF-пен келісілмеген Кепіл нысанасымен мәміле жасаса, Кепіл нысанасы Қарыз алушының//Кепіл берушінің иелігінен шықса немесе Қолданыстағы заңнамада немесе орындау үшін өзге де міндетті актілерде белгіленген негіздер бойынша Қарыз алушының/Кепіл берушінің кепіл нысанасына меншік құқығы тоқтатылса;
- 11) Қарыз алушы Шартта және осы Стандартты талаптарда, автокөлік құралының кепіл шартында және Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда, SDF-тің жазбаша талабы күнінен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Кепіл нысанасын ауыстыру немесе қосымша кепіл беру туралы SDF талаптарын орындамаса немесе Қарыз алушы автокөлік құралының кепіл шартында белгіленген кейінгі кепілге (қайта кепілге) тыйым салу туралы шартты бұзса;
- 12) Қарыз алушының қаржылық жағдайы елеулі қолайсыз өзгерістерге ұшырап, SDF Қарыз алушының Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындау қабілетіне теріс әсер етеді деген тұжырымға келетін болса;
- 13) егер Шарт жүрілген көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Қолайсыз жағдайлар анықталған немесе басталған жағдайда;
- 14) Қарыз алушы Кепіл нысанасының сақталуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде оны қол сұғушылықтан және үшінші тұлғалар тарапынан жасалатын талаптардан қорғау үшін қажетті шараларды қабылдау жөніндегі міндеттерді орындамаса;
- 15) Қарыз алушы Кепіл нысанасының құжаттар бойынша және нақты бар-жоғын, санын, жай-күйін және сақтау (ұстау) шарттарын тексеру құқығын қамтамасыз ету жөніндегі міндетті орындамаса;
- 16) Қарыз алушы Шарттың ережелерін және Кепіл нысанасына билік етуге қатысты осы Стандартты талаптарды орындамаса;
- 17) Қарыз алушы Кепіл нысанасын жоғалтуға немесе оның құнын азайтуға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді орындамау бойынша міндеттерді орындамаса;
- 18) Қарыз алушы Кепіл нысанасын жоғалту немесе бүлдіру қатерінің туындауы туралы, үшінші тұлғалардың Кепіл нысанасына қатысты талаптары туралы, үшінші тұлғалардың Кепіл нысанасына құқықтарды бұзуы туралы SDF-ті дереу хабардар ету жөніндегі міндетті орындамаса;
- 19) Көлік құралы кез келген себептер бойынша Дилерге қайтарылса;
- 20) Шартта, осы Стандартты талаптарда, автокөлік құралының кепіл шартында және Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де жағдайларда;

4.6. Қарыз алушы туралы және Шарттың талаптары мен осы Стандартты талаптар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Қарыз алушы осымен өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін беретін ақпаратты (оның ішінде Микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратты, коммерциялық және Қолданыстағы заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны), сондай-ақ Қарыз алушының дербес деректерін кез келген үшінші тұлғаларға (SDF жасасқан немесе келісім жасасуға ниеттенген коллекторлық компанияларды қоса алғанда) беруге.

4.7. Қарыз алушыда бар кез келген мүлік туралы кез келген ақпаратты оның қосымша келісімінсіз сұратуға және алуға.

4.8. Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша Қарыз алушыға құқықтар мен міндеттерді коллекторлық агенттіктерді, микроқаржы ұйымдарын қоса алғанда, екінші деңгейдегі банктерге, сондай-ақ қолданылатын заңнамаға сәйкес бұған Қарыз алушы өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін бергенде талап ету құқықтарын Қарыз алушының қосымша келісімінсіз беруге.

4.9. SDF Микрокредит беру туралы өтінішті қабылдағаннан кейін Қолданыстағы заңнамада Тараптардың Микрокредит бойынша өзара әрекеттесуі бөлінде өзгерістер болса және/немесе SDF-тің Микрокредит беру және оған қызмет көрсету қабілетіне және/немесе мүмкіндігіне

теріс әсер ететін оқиғалар орын алған жағдайда (ақша нарығындағы және/немесе капитал нарығындағы өзгерістерді; базалық мөлшерлеменің, валюта бағамдарының, инфляция, девальвация көрсеткіштерінің өзгеруін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей),

Микрокредит алуға туралы өтініште көзделген шарттарды өзгертуге бастамашылық жасауға. Бұл ретте Қарыз алушы Микрокредит алу туралы өтініштің және/немесе Шарттың талаптарын тиісті түрде өзгертетін қосымша келісім/өтініш жасаудан негізсіз бас тарта алмайды.

- 4.10. Қарыз алушының келісімінсіз үшінші тұлғалар тарапынан Микрокредит бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қабылдауға.
- 4.11. Қарыз алушыдан мерзімі өткен негізгі борыш сомасына Микрокредит бойынша сыйақы есептеуге, сондай-ақ Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес негізгі борышқа/ мерзімі өткен негізгі борышқа есептелген Микрокредит бойынша мерзімі өткен сыйақыны өндіріп алуға.
- 4.12. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын кешіктірген жағдайда және осы Стандартты талаптар бойынша коллекторлық агенттіктерге жүгінуге. Бұл ретте Қарыз алушы бұған өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.
- 4.13. Шарттың кез келген ережелері, осы Стандартты талаптар және автокөлік құралының кепіл шарты бұзылған жағдайда кепіл нысанасын, оның ішінде кепіл нысанасын алып қоюға.
- 4.14. Егер алынған сақтандыру өтемі Қарыз алушының Микрокредит, сыйақы және Шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушыдан SDF-ке сақтандыру өтемі келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемі мен Микрокредит бойынша берешек сомасы, оның ішінде сыйақылар мен басқа да сомалар арасындағы айырманы өтеу үшін шоттарға енгізуді талап етуге құқылы.
- 4.15. Шарт жасалған кезден бастап кез келген уақытта Қарыз алушыға өзінің жеке қалауы бойынша Микрокредит беру туралы жаңа Шарттар жасасудан бас тартуға, егер Микрокредит беру нәтижесінде SDF қолданыстағы заңнамада белгіленген пруденциялық нормативтердің және/немесе басқа да сақталуы міндетті МҚҰ нормалары мен лимиттерінің кез келгенін бұзған немесе осындай бұзушылық қаупі туындаған жағдайда, жаңа Микрокредиттер беруді тоқтата тұруға (Қарыз алушыға бұл туралы қандай да бір хабарлама жібермей) құқылы.

5. SDF міндеттері

- 5.1. Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) байланыс құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде ақпараттандыру объектілері арқылы, сондай-ақ Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде хабардар етуге:
 - 1) Қарыз алушы - жеке тұлғаны кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Шартта және SDF-ке «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жеке тұлға клиентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы осындай талап ету құқығын басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;
 - 2) Шартта көзделген тәсілмен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) ауысуы туралы үшінші тұлғаға Микрокредитті өтеу бойынша одан әрі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде хабардар етуге;

5.2. Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей байланыс құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде ақпараттандыру объектілері арқылы төмендегілер туралы хабардар етуге:

- 1) хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлем мерзімін өткізіп алудың орын алуы және төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы;
- 2) шарт бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаның Шарттың 3.6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өтінішпен SDF-ке жүгіну құқығы туралы;
- 3) Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдары туралы.

Егер хабарлама Қарыз алушыға Шартта көзделген келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілді деп есептеледі:

- 1) Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- 2) Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған

мүшелерінің бірі алған болса;

- 3) жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;

5.3. Қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті немесе оның бір бөлігін біржолғы өтеу талаптарын белгілемей қарастыруға;

Қарыз алушының өтінішін оны алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарастыруға және жазбаша түрде немесе Шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыға келесі ақпаратты хабарлауға:

- 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;
- 2) Шарттың талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстары туралы;
- 3) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

Қарыз алушы Шарттың ағымдағы талаптары бойынша міндеттемелердің орындалмауына әкеп соққан мән-жайларды құжаттар негізінде растаған кезде Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу Қарыз алушы - жеке тұлғаның әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, оның борыштық жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптар негізінде жүзеге асырылады.

SDF және Қарыз алушы Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдаған кезде Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері SDF-тің ішкі құжатымен айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі SDF шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауы тиіс.

SDF Шарт талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстарын жіберген кезде, Қарыз алушының SDF-тің Шарт талаптарын өзгертудің ұсынылған талаптарына жауап беру мерзімі, Қарыз алушының жауапты ұсыну мерзімі ол SDF шешімін алған күннен бастап кемінде 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайтын SDF-пен жасалған Шартты (Жеке тұлғамен 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған Шарт бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 (елу) еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде) қоспағанда, SDF хатында көрсетіледі және SDF шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

SDF-тен Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде SDF мен Қарыз алушы арасында келісімге қол жеткізілмесе,

Шарт талаптары өзгертілмейді. Бұл мерзім SDF және Қарыз алушының келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

- 5.4. Төлеуге қабілетсіз клиентке қатысты қолданылатын шаралар шеңберінде Клиенттің жазбаша өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беруге;
- 5.5. Талаптардың 9-тармағында көзделмеген өзге жағдайлар бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде, SDF оны тіркеген күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беруге.
- 5.6. Өтініштерді қарау үшін үшінші тұлғалардың өтініштері бойынша қосымша ақпарат алу немесе оларды қосымша зерделеу және SDF тарапынан тексеру қажеттігі туындаған жағдайларда, клиенттің өтінішіне жауап клиентке жазбаша өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы SDF хабарламасын жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде ұсынылады.
- 5.7. Шартта белгіленген тәртіппен, SDF жақсарту талаптарын қолданған жағдайда, Қарыз алушыны байланыс құралдары, оның ішінде ақпараттандыру объектілері арқылы, он бес күнтізбелік күн ішінде Шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар етуге;
- 5.8. Қарыз алушыны берешектің сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін берілген күні туралы Шартта белгіленген тәртіппен, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің атауы, мекенжайы және коллекторлық агенттіктің борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып, ақпараттандыру жүйелері арқылы хабардар етуге;
- 5.9. Тараптар қол қойған өтеу кестесін Шартқа қоса беруге. Бұл ретте Микрокредитті беру күніне жасалған өтеу кестесі, сондай-ақ таңдалған әдіс туралы Қарыз алушының (Қосалқы қарыз алушының) белгісі бар Микрокредитті өтеудің ұсынылған SDF әдістерінің тізбесін қамтиды.
- 5.10. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Микрокредит талаптары өзгерген кезде жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға жаңа өтеу кестесін жасауға және беруге;
- 5.11. Алынып тасталды.
- 5.12. Алынып тасталды.
- 5.13. Орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы Қарыз алушыны Шартта белгіленген тәртіппен немесе тиісті ақпаратты www.sdfinance.kz интернет-ресурсында жариялау арқылы хабардар етуге.

6. SDF үшін шектеулер келесіні қамтиды:

- 6.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) Микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуді.
- 6.2. Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеуді және өндіріп алуды.
- 6.3. SDF-ке мерзімінен бұрын толығымен немесе жартылай қайтарған Микрокредит сомасын Қарыз алушы-жеке тұлғадан Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап етуді.
- 6.4. Шарт бойынша Микрокредит сомасын ұлғайтуды.
- 6.5. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне тап келген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

- 6.6. Кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуді.
- 6.7. Нотариусқа Шартта көрсетілген Қарыз алушының мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес Шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін, сондай-ақ SDF-тің үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беруді.
- 6.8. Заңның 7-бабының 3-тармағының 1-1)-тармақшасының екінші бөлігінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша тоқсан күннен күнтізбелік асатын мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредит беруді.
- 6.9. Негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) оны жасасу күніне ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген шартты қоспағанда, қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау төлем мерзімі өткен күнтізбелік тоқсан күннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуді.
- 6.10. Қарыз алушы – жеке тұлғаның жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені төлем мерзімі өткен күнтізбелік бір жүз сексен күн өткен соң есептелген сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуді.
- 6.11. қарыз алушыдан шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен серіктестік жөніндегі шарттар жасасуды, сондай-ақ SDF-тің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуды.
- 6.12. Жеке тұлғамен жасасқан Шарт мерзімін оның келісімінсіз және Шарт талаптарын сақтау немесе жақсарту мүмкіндігін көздемейтін жағдайда ұзартуды.

7. Тараптардың міндеттемелерді бұзу үшін жауапкершілігі

- 7.1. Қарыз алушы Шарт бойынша төлем мерзімдерін кешіктіру, Шарттың талаптарына және осы Стандартты талаптарға сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу үшін толық жауапты болады.
- 7.2. SDF Қарыз алушыдан Қарыз алушының Микрокредиттің қалған сомасын SDF-ке тиесілі сыйақымен, тұрақсыздық айыбымен (айыппұлмен, өсімпұлмен) бірге Шарттың талаптарына және төменде келтірілген кез келген талапталың бірін бұзу үшін осы Стандартты талаптарға сәйкес мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы (SDF белгілеген мерзімде) осы талапты орындауға міндетті болады:
- 1) Қарыз алушы өтеу кестесін 40 (қырық) күнтізбелік күннен артық уақытқа бұзған жағдайда;
 - 2) Қарыз алушы ақпаратты жасырған және/немесе қарыз беруге әсер ететін жалған ақпаратты ұсынған жағдайда, оның ішінде Қарыз алушы ұсынған құжаттар бойынша қолдарды, мөрлерді қолдан жасау фактілері анықталған кезде;
 - 3) Қарыз алушының Шарттың талаптарына және осы Стандартты талаптарға сәйкес Кепіл нысанасын (Көлік құралын) жоғалту қаупі туындаған жағдайда;
 - 4) Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлғалар жасаған, Кепіл нысанасының зақымдануына/жойылуына/жоғалуына әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін алаяқтық фактілері анықталған жағдайда;
 - 5) Қарыз алушы навигациялық жабдықты бөлшектеуге, бүлдіруге, жоюға немесе ажыратуға тыйым салуды бұзған жағдайда, SDF осындай талапта көрсетілген мерзім ішінде Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы;

- 6) Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару туралы талап орындалмаған жағдайда, SDF Шарттың талаптарына, осы Стандартты талаптарға және автокөлік құралының тиісті кепіл шартына сәйкес Кепіл нысанасын (Көлік құралын) өндіріп алуға құқылы.
- 7.3. SDF осы Шартты орындау барысында алынған ақпараттың құпиялылығының сақталуына жауапты болады. SDF техникалық ақауларды, іркілістерді, бағдарламалық жасақтамалардағы қателерді, серверлік немесе желілік жабдықты және SDF-ке тәуелді емес және Шарттың SDF талаптарының тиісінше орындалуына кедергі келтіретін өзге де күтпеген оқиғаларды қамтитын жағдайлардың салдары болып табылатын Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болмайды.
- 7.4. Қалған жағдайларда Тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының Қолданыстағы/әрекеттегі заңнамамен анықталады.

8. Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

- 8.1. Қолданыстағы заңнамада, Шартта және осы Стандартты талаптарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты және осы Стандартты талаптарды біржақты өзгертуге жол берілмейді.
- 8.2. Қолданыстағы заңнамада және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты және осы Стандартты талаптарды орындаудан біржақты бас тартуға, сондай-ақ Шартты және осы Стандартты талаптарды біржақты бұзуға жол берілмейді.
- 8.3. SDF қалауы бойынша Шартты Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес келтіру мақсаттары үшін Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу кезінде қосымша келісім жасасу талап етілуі мүмкін, осыған байланысты SDF Қарыз алушыдан талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы осындай қосымша келісімге қол қоюға міндетті болады.
- 8.4. Өтеу кестесін өзгертуге және қажет болған жағдайда қосымша келісім жасауға әкеп соғатын Микрокредит шарттары өзгерген жағдайда:
- 1) SDF Қарыз берушіге хабарлама және жаңа Өтеу кестесін және қажет болған жағдайда қосымша келісім жібереді;
 - 2) Қарыз алушы жаңа Өтеу кестесіне қол қоюға және қажет болған жағдайда қосымша келісімге қол қоюға немесе SDF-тен хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде тиісті шартты өзгертуден бас тарту туралы SDF-ке хабарлауға міндетті;
 - 3) Өзгертілген Өтеу кестесі және қажет болған жағдайда қосымша келісім Шартқа қоса тіркеледі және қолданыста болған бұрынғы Өтеу кестесін ауыстырады.
- 8.5. SDF Қарыз алушының алдын ала келісімінсіз біржақты тәртіппен шарттарды Қарыз алушы үшін жақсарту мақсатында Стандартты талаптарға өзгерістер енгізуге құқылы. Заңның 3-бабының 6-тармағында көзделген жағдайлар, сондай-ақ осы Стандартты талаптарға SDF біржақты тәртіппен енгізетін өзгерістер Қарыз алушы үшін жақсартылған шарттар келесідей болып табылады:
- 1) SDF қызметтерін/өнімдерін ұсыну процестерін өзгертуге және Қолданылатын заңнамаға сәйкес оларды оңтайландыруға байланысты;
 - 2) Қарыз алушы үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл), Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін және Микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты қызметтерді көрсеткені үшін өзге де төлемдерді төлеу міндеттемесі бойынша нашарлататын болып табылмайтын SDF ішкі үдерістерінің өзгеруіне байланысты.
- 8.6. SDF осындай өзгерістер күшіне енген сәтке дейін күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірмей Стандартты талаптардың өзгергені туралы ақпаратты интернет-ресурсқа келесі мекенжай бойынша орналастыру арқылы хабардар етеді:

- 8.7. Қарыз алушы Стандартты талаптардың өзгертілген редакциясымен келіспеген жағдайда, олар орналастырылған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде тиісті өтініш беру арқылы оларды қабылдаудан бас тартуға және Шартта және осы Стандартты талаптарда көзделген тәртіппен Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде осы Стандартты талаптарға өзгерістерді қабылдаудан бас тарту бойынша Қарыз алушының жазбаша талабы SDF-ке келіп түспесе, бұл мән-жай Қарыз алушының Стандартты талаптардың жаңа (өзгертілген) редакциясымен келісетінін және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Қарыз алушының оларға қосылатынын білдіреді.
- 8.8. Бұрын қолданыста болған барлық Стандартты талаптар www.sdfinance.kz интернет-ресурстағы Стандартты талаптардың жаңа редакциясы күшіне енген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.
- 8.9. Шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң, Шарт талаптарында және осы Стандартты талаптарда көзделген мерзімі өткен берешек және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеу туындаған жағдайда, Тараптардың Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін қайта қарауға құқығы бар. Бұл жағдайда Тараптар Шартқа қосымша келісім жасамай-ақ жаңа Өтеу кестесіне қол қояды.
- 8.10. Микрокредит бойынша өзге талаптар өзгерген жағдайда, SDF Қарыз алушыға хабарлама және Шартқа қосымша келісім жібереді.

9. Берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз Қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар

- 9.1. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, SDF Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде төмендегілер туралы хабардар етуге міндетті:
- 1) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің, оның ішінде негізгі борыштың, сыйақының және тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;
 - 2) Шарт бойынша Қарыз алушының - жеке тұлғаның SDF-ке жүгіну құқығы туралы;
 - 3) Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдары туралы. SDF Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікке жүгінуге құқылы.
- 9.2. Міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қарыз алушы - жеке тұлға SDF-ке баруға және (немесе) жазбаша нысанда немесе Шартта көзделген тәсілмен міндеттемені орындаудың мерзімі өтіп кетуінің себептері, кірістері және оның Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға, оның ішінде келесі жағдайдарға байланысты болатын мәліметтерді ұсынуға құқылы:
- 1) Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;
 - 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдырумен;
 - 3) берешекті өтеу әдісінің немесе берешекті өтеу кезектілігінің, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;
 - 4) микрокредит мерзімін өзгертуге;
 - 5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жоюмен;

- 6) тараптармен келісілген мерзімдерде ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуімен;
- 7) SDF-ке кепіл нысанасын беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынумен;
- 8) Шарт бойынша міндеттемені сатып алушыға бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті сатумен байланысты мәлімет.

Қарыз алушы толық емес мәліметтер мен құжаттарды ұсынған кезде, МҚҰ оларды сұрайды. Қарыз алушы сұралған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Сұралған құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбау Қарыз алушының өтінішін қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады, ол туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

- 9.3. SDF Қарыз алушы - жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарайды, Қарыз алушы - жеке тұлғаға келесі ақпаратты хабарлайды:

- 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;
- 2) берешекті реттеу бойынша қарсы ұсыныстар туралы;
- 3) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

- 9.4. Қарыз алушы - жеке тұлға осы Стандартты талаптардың 9.3-тармағының 3) тармақшасында көзделген SDF шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде SDF-ті бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

- 9.5. Осы Стандартты талаптардың 9.1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Қарыз алушы - жеке тұлға Шарт бойынша осы Стандартты талаптардың 9.2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған немесе Қарыз алушы - жеке тұлға мен SDF арасында Шарт талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда SDF құқылы:

- 1) Қарыз алушыға қатысты шараларды қолдану туралы мәселені қарастыруға. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау Микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;
- 4) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қарыз алушы - жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгінуге.

- 9.6. Осымен Қарыз алушы Шартта және орындау мерзімі басталған Стандартты талаптарда көзделген Микрокредит сомасын қайтару және/немесе сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда оның кінәсін және міндеттемелерді орындамау фактісін растайды және мойындайды.

- 9.7. Қарыз алушы SDF орындау мерзімі өткеннен кейін Шарт және Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда атқарушылық жазбаны ресімдеу үшін нотариусқа

жүгінуге құқығы бар екенін біледі және мойындайды. Бұл SDF-ке негізгі қарыз сомасын, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын сөзсіз өндіріп алуға мүмкіндік береді.

- 9.8. Қарыз алушының Шарт және Стандартты талаптар бойынша берешегінің максималды сомасы Қосылу туралы өтініштің 3-тармағында көрсетілген шектеуді ескере отырып, Микрокредит сомасын, сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) сомасын құрайды, бұл заң талаптарына сәйкес келеді.
- 9.9. Қарыз алушы Стандартты талаптардың осы тармағының ережелері Қарыз алушының Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша SDF алдындағы борышкер ретіндегі даусыз жауапкершілігін тану туралы келісімі болып табылатынын растайды және мойындайды. Бұл сондай-ақ дауды сотқа дейінгі реттеу шеңберіндегі шағымға жауап ретінде қарастырылады;
- 9.10. Алынып тасталды.

10. Микрокредитті беру тәртібі

- 10.1. Микрокредит оның сомасын келесі шоттарға аудару арқылы ұсынылады:
- Дилердің немесе сақтандыру компаниясының (компаниялардың) ағымдағы шотына (егер бар болса);
 - Қарыз алушының IBAN шотына ұсынылған деректемелер бойынша.
- 10.2. Микрокредит берілген күн және Қарыз алушының ақшаны алғанын растау Шартқа сәйкес ақшаны Дилердің шотына және қажет болған жағдайда сақтандыру компаниясының(ларының) шотына аудару күні болып есептеледі. Микрокредитті қайтару күні өтеу үшін шоттарға ақша түскен күн болып табылады. Микрокредит сомасын толық көлемде беру күні мен қайтару күні 1 (бір) күн бұрын қабылданады, бұл ретте жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ал ай 30 (отыз) күнге тең болып қабылданады.
- 10.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны есептеу микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің нақты саны үшін Микрокредит берілген күннен бастап Микрокредиттің нақты қалдығының өтелмеген сомасына күн сайын жүргізіледі, бұл ретте жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, ал ай 30 (отыз) күнге тең болып қабылданады.
- 10.4. Егер негізгі борышты және/немесе есептелген сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, Микрокредит бойынша төлем одан кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады, бұл Өтеу кестесінде көрсетіледі.
- 10.5. Осымен Қарыз алушы SDF-ке коммерциялық құпияны, Микрокредит беру құпиясын және Қолданыстағы заңнамамен қорғалатын кез келген өзге құпияны кез келген үшінші тұлғалардың пайдасына жария етуге сөзсіз, мерзімсіз және қайтарылмайтын келісім береді. Бұл ретте Қарыз алушы коммерциялық құпияны, Микрокредит беру құпиясын және Қолданыстағы заңнамамен қорғалатын кез келген өзге құпияны кез келген үшінші тұлғалардың пайдасына жария етуге SDF-тің жазбаша келісімі Қарыз алушы SDF үй-жайында өзінің жеке қатысуы кезінде Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен Шартқа қол қойған кезде SDF үй-жайында берілгенін мәлімдейді.

11. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету

- 11.1. Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың бірінің төлем қабілеттілігі Шарттың қолданылу мерзімі ішінде SDF тұрғысынан нашарлаған жағдайда немесе қолданылу мерзімі тоқтатылған кезде, жарамсыз болған кезде, Көлік құралының кепіл шарты бойынша SDF құқықтарын іске асыру мүмкін болмаған кезде, мұндай жағдайлардың пайда болу себептеріне қарамастан, сондай-ақ SDF тұрғысынан Кепіл нысанасының сапасы нашарлаған кезде, Қарыз алушы SDF-тің бірінші талабы бойынша шарт бойынша Қарыз алушының төлем міндеттемелерінің

орындалуын қамтамасыз ету үшін SDF пікірі бойынша осындай және қажетті мөлшерде қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.

- 11.2. Тараптар осы арқылы Микрокредитті қайтару жөніндегі шығыстарды және Кепіл нысанасын өткізу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, барлық SDF шығыстарын Қарыз алушы өтейтіні туралы сөзсіз уағдаласты.

Егер Шарт жүрілген жолы бар Көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Қарыз алушы SDF-ке өзінің барлық құқықтарын (талаптарын) Дилерге Сатып алу-сату шарты бойынша Дилердің қолайсыз мән-жайлар үшін жауапкершілігі бөлігінде сатушы ретінде береді (бұдан әрі - «Құқықтарды ұсыну»). Бұл Қарыз алушының SDF алдындағы міндеттемелерін белгіленген мерзімде толық төлеуді және орындауды қамтамасыз ету ретінде жасалады. Қарыз алушы Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде SDF-ке Дилердің Құқықтарды ұсынуға келіскенін растайтын Дилердің қолы қойылған Құқықтарды ұсыну туралы жазбаша хабарламасының көшірмесін беруге міндеттенеді. Егер Шартқа сәйкес жасалған Құқықтарды ұсынуға қарамастан, Дилер Қолайсыз жағдайлар орын алған жағдайда Дилердің Қарыз алушының пайдасына төлеуіне жататын қандай да бір соманы төлеуді жүргізген жағдайда, Қарыз алушы мұндай сомаларды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша берешекті өтеу мақсатында оларды өтеу үшін шоттарға толық мөлшерде аударуға міндетті.

12. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу тәртібі

- 12.1. Қарыз алушы Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын немесе ішінара қайтарған кезде Микрокредитті қайтару күніне Шарт бойынша есептелген пайдаланылған Микрокредит бөлігінде сыйақы төлеуге міндетті.
- 12.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, SDF Микрокредитті өтеу бойынша кейінге қалдыруды ұсынғаннан кейін Қарыз алушы осымен Микрокредит бойынша негізгі борышты және кейінге қалдыру кезеңі үшін есептелген, бірақ мерзімінен бұрын өтеу сәтінде төленбеген сыйақыны төлеуге міндеттенеді.
- 12.3. Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу Қарыз алушының клиенттік қолдау қызметіне өтініші негізінде, бірақ өтеу үшін шоттарға нақты ақша түскен күннен ерте емес жүзеге асырылады.
- 12.4. Қарыз алушының Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуге өтініші болмаған кезде енгізілген ақша сомасы қолданыстағы өтеу кестесіне сәйкес Микрокредит бойынша кезекті төлемнің(дердің) алдын ала төленуі деп танылады.
- 12.5. Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Қарыз алушы өтеу үшін шоттарға қажетті соманы енгізеді, Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуге өтінішпен Клиенттік қолдау қызметіне жүгінеді.
- 12.6. SDF Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуге жүгінгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүргізеді, Қарыз алушыға қол қою үшін Микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу үшін Қарыз алушы енгізген сомаларды ескере отырып, жаңа Өтеу кестесін және қажет болған жағдайда қосымша келісімді дайындайды және береді.
- 12.7. Қарыз алушы осымен SDF ұсынған Өтеу кестесіне, сондай-ақ қосымша келісімге (бар болса) оларды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қоюға міндеттенеді, соған сәйкес Қарыз алушы Микрокредитті өтеуді және Микрокредит бойынша сыйақы төлеуді жүргізетін болады. Қарыз алушы Өтеу кестесіне және қосымша келісімге (бар болса) қол қоядан бас тартқан жағдайда, Қарыз алушы енгізген микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микрокредит бойынша кезекті төлемді (дерді) алдын ала төлеу үшін жұмсалады.

- 12.8. Микрокредитті толық мерзімінен бұрын өтеу мақсатында Қарыз алушы Микрокредитті жоспарланып отырған толық өтеу күніне оның ағымдағы берешегін нақтылау үшін Клиенттік қолдау қызметіне алдын ала жүгініп, қажетті соманы өтеу үшін шотқа енгізеді.
- 12.9. Қарыз алушының ағымдағы берешегін толық мерзімінен бұрын өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болған кезде SDF ақшаны алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Микрокредитті толық мерзімінен бұрын өтеуді жүргізеді және кредиттік досьеде барлық қол қойылған Өтеу кестелері және қосымша келісімдер (бар болса) болған жағдайда Қарыз алушыға Кепіл нысанасын ауыртпалықтан босату үшін қажетті құжаттарды ұсынады. Қарыз алушыға Кепіл нысанасын ауыртпалықтан босату үшін қажетті құжаттарды пошта арқылы жіберу мерзімдері осы тармақта көрсетілген есепке енгізілмейді, 5 (бес) жұмыс күні.
- 12.10. Егер Қарыз алушының ағымдағы берешегін толық мерзімінен бұрын өтеу мақсатында өтеу үшін шоттарға енгізілген ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, енгізілген ақша сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микрокредит бойынша кезекті төлемнің(дердің) алдын ала төленуі деп танылады.
- 12.11. Осымен Қарыз алушы Микрокредит бойынша берешекті толық өтегеннен кейін туындаған 500 (бес жүз) теңгеге дейінгі мөлшердегі артық төлем сомасын SDF өзінің табысы деп тануға сөзсіз, мерзімсіз және қайтарымсыз келісім береді.
- 12.12. Қарыз алушының қалауы бойынша және оның жазбаша өтініші негізінде SDF Қарыз алушының банктік шотына Микрокредит бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын өтегеннен кейін туындаған 501 (бес жүз бір) теңгеден астам мөлшердегі артық төлем сомасын Қарыз алушыға қайтарады.
- 12.13. Сақтандыру жағдайы басталған кезде SDF пайда алушы болып табылатын SDF сақтандыру шарты бойынша SDF пайдасына сақтандыру өтемі ретінде түсетін сомалар SDF Қарыз алушының микрокредит, есептелген сыйақы және шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегін өтеуге жібереді.
- 12.14. Егер алынған сақтандыру өтемі қарыз алушының Микрокредит, сыйақы және Шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, SDF Қарыз алушының Микрокредит, есептелген сыйақы және Шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегін сақтандыру өтемінің сомасы есебінен өтеуді жүзеге асырған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемі мен Микрокредит, сыйақы және Шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешек сомасы (бұдан әрі – «Сақтандыру өтемінің қалдығы») арасындағы айырма сомасын Қарыз алушының банктік шотына төлем деректемелеріне және Қарыз алушы SDF-ке аудару сәтіне дейін алдын ала ұсынған Сақтандыру өтемінің қалдығын аудару өтінішінде көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес аударды.
- 12.15. Қарыз алушы қайтыс болған/қайта ұйымдастырылған немесе Қарыз алушы таратылған жағдайда SDF Сақтандыру өтемінің қалдығын төлем деректемелеріне және мұрагердің (мұрагерлердің)/ құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) нұсқаулықтарына сәйкес немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осындай нұсқаулар беруге құқығы бар басқа тұлғалардың және органдардың өзге де төлем нұсқаулықтарына сәйкес Қарыз алушы мұрагерінің (мұрагерлерінің)/ құқық мирасқорларының (құқық мирасқорларының) банктік шотына(тарына) аударды.
- 12.16. Егер алынған сақтандыру өтемі Қарыз алушының Микрокредит, сыйақы және Шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, SDF талабы негізінде Қарыз алушы SDF-тен сақтандыру өтемі келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемі мен Микрокредит бойынша берешек сомасы, оның ішінде сыйақылар мен басқа да сомалардың арасындағы айырманы өтеу үшін шоттарға енгізуге міндетті.

13. Міндеттер мен куәліктер

13.1. Қарыз алушы міндеттенеді:

- 1) алынған Микрокредит сомасын уақтылы және толық сомада қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Шартта және осы Стандартты талаптарда белгіленген мерзімдер мен тәртіппен төлеуге;
- 2) Микрокредит толық немесе ішінара уақтылы қайтарылмаған және/немесе ол бойынша сыйақы төленбеген жағдайда SDF-ке Шартта және осы Стандартты талаптарда айқындалған мөлшерде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуге;
- 3) SDF талабында көрсетілген мерзім ішінде Шартқа, осы Стандартты талаптарға және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес SDF сұраған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 4) Микрокредит берілген күні Көлік құралының осы кредит арқылы сатып алуға болатын көлік құралдарына арналған SDF талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге;
- 5) Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін мән-жайлардың басталғаны және осы Стандартты талаптар туралы, оның ішінде жазатайым оқиға орын алған немесе Қарыз алушының денсаулығына өзге де зиян келтірілген кезде, сақтандыру жағдайы басталған немесе Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлаған кезде, Қарыз алушының мүлкіне тыйым салынған кезде, Қарыз алушы үшінші тұлғалар тарапынан шағымдарды және/немесе талап арыздарды алған кезде, болжамды оңалту, банкроттық, тарату, Қарыз алушыны қайта ұйымдастыру кезінде; Көлік құралыны және/немесе Кепіл нысанасы жоғалған немесе оның жай-күйі нашарлаған кезде SDF-ке дереу хабарлауға;
- 6) жеке куәлікті (паспортты), тұрғылықты жерін, жұмыс орнын ауыстырған кезде, Қарыз алушының құрылтай құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген кезде, Қарыз алушы қайта тіркелген кезде, Қарыз алушының заңды мекенжайы және/немесе орналасқан жері өзгерген кезде, сондай-ақ Микрокредит, байланыс деректері/деректемелерін алуға арналған сауалнама-өтініште көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде, осындай өзгеріс болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кейін Шарттың талаптарына және осы Стандартты талаптарға сәйкес SDF-ке хабарлама жіберуге;
- 7) Кепіл нысанасының сақталуын тексеру мақсатында оны қарау үшін SDF-тің уәкілетті тұлғаларына қолжетімділікке рұқсат беруге/оны қамтамасыз етуге. Тексерулер саны және олардың мерзімдерін SDF анықтайды;
- 8) SDF-тің алдын ала жазбаша келісімімен немесе жазбаша талабы бойынша Кепіл нысанасын Шартта, осы Стандартты талаптарда, автокөлік құралының кепіл шартында және Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда SDF талабында көрсетілген мерзім ішінде басқа тең және өтімді мүлікке ауыстыруға;
- 9) SDF талабында көрсетілген мерзім ішінде SDF талаптарын қанағаттандыратын Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін үшінші тарап кепіл беруші ретінде кепіл мен қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға;
- 10) Шартта, осы Стандартты талаптарда және Қолданылатын заңнамада қарастырылған жағдайларда SDF талабы бойынша SDF талаптарында көрсетілген мерзім ішінде Шарттың, Стандартты талаптардың және Қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес Микрокредит сомасын және тиесілі сыйақыларды, тұрақсыздық айыптарын (айыппұлдарды, өсәмпұлдарды) (бар болса) мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге;
- 11) SDF талабы бойынша SDF-ке Қарыз алушының меншігіндегі мүлік туралы құжатталған мәліметтерді, сондай-ақ SDF талабында көрсетілген мерзім ішінде Қарыз алушының табысын растайтын өзге де құжаттарды ұсынуға;
- 12) егер Шарт бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету жүрілген Кепіл нысанасы болып

табылған жағдайда, Сатып алушы ретінде Қарыз алушы алдында Дилердің сатушы ретіндегі жауапкершілігі бөлігінде сатып алу-сату шартының талаптарын өзгертпеу және SDF-тің алдын ала жазбаша келісімінсіз Сатып алу-сату шартын бұзбауға;

13) Көлік құралын Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында дербес тіркеуге;

14) Қарыз алушы - заңды тұлғалар үшін қосымша:

Шартқа қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қарыз алушы келесі куәландырған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға:

а) Қарыз алушының жарғысын;

б) Қарыз алушының тиісті корпоративтік органының Шарт жасасуды мақұлдау туралы шешімдерін;

в) Қарыз алушының тиісті корпоративтік органының Қарыз алушының бірінші басшысын тағайындау туралы шешімдерін;

г) Қарыз алушының атынан Шартқа қол қойған тұлғаға сенімхатты;

д) кепіл берушіге қатысты басқа да құжаттар, егер ол Қарыз алушыдан басқа тұлға болса;

е) келесі әрекеттерге SDF-тің алдын ала келісімін алуға: Қарыз алушының акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы тиесілі Қарыз алушының акционерін (қатысушысын) ауыстыру;

15) Қолданыстағы заңнамада, Шартта және осы Стандартты талаптарда белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

13.2. Қарыз алушы осымен SDF-ке Шарт жасасу күніне келесі ақпаратты куәландырады, оған кепілдік береді және келісімін береді (Қарыз алушы SDF осындай куәліктер мен кепілдіктерге сүйене отырып, Шарт жасасуға келіскенін мойындайды):

1) Қарыз алушы өз атына Микрокредит ресімдейді және Көлік құралын (егер қолданылса) қандай да бір үшінші тұлғалардың (делдалдардың) қатысуынсыз жеке меншігіне сатып алады;

2) Қарыз алушыға Шарт жасасқанға дейін танысу және таңдау үшін сараланған төлемдер әдісін, икемді төлемдер әдісін және аннуитеттік төлемдер әдісін қолдана отырып есептелген өтеу кестелерінің жобалары ұсынылды;

3) Қарыз алушыға Микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы ақпарат берілді және мұндай ақпарат толық және дұрыс болып табылады;

4) Микрокредит алуға өтінішке қол қою арқылы Қарыз алушы SDF-ке Қарыз алушы туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың Микрокредит бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты барлық барлық кредиттік бюроларға SDF-ке Қарыз алушы туралы кредиттік есепті ұсынуға келісім бергенін растайды.

5) Қарыз алушыға оның Микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабарланды;

6) Қарыз алушы ережелері өзіне түсінікті болып табылатын Микрокредиттер беру қағидаларымен, сондай-ақ Микрокредиттер беру жөніндегі тарифтермен танысты;

7) Қарыз алушының Шарт жасасудан бас тартуға мүмкіндігі болды;

8) Қарыз алушысы SDF-ке ұсынған барлық ақпарат сенімді және толық болып табылады;

9) Қарыз алушының құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі және Шарт жасасуға және орындауға барлық өкілеттігі бар;

- 10) басқа кредиторлар және кез келген үшінші тұлғалар тарапынан Қарыз алушыға ешқандай талап қою Қарыз алушы тарапынан осы Микрокредитті орындау мүмкіндігіне әсер етпейді. Осы Микрокредиттің шарттары орындалмаған кезде Қарыз алушы кез келген үшінші тұлғалар алдындағы өзінің міндеттемелеріне байланысты кез келген мән-жайларға сілтеме жасауға құқылы емес және мұндай мән-жайлар SDF үшін осы Микрокредитте көзделген оның құқықтарын іске асыруға кедергі болып табылмайды;
 - 11) Қарыз алушы үшінші тұлғалар тарапынан оның барлық мүлкіне қатысты барлық берешектер мен ауыртпалықтар, талаптар туралы ақпаратты жария етті;
 - 12) Шартқа қол қойылған күнгі Қарыз алушының кез келген үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы Шарт жасасуға қатысты Қарыз алушы үшін шектеулер қоймайды және кедергі болып табылмайды;
 - 13) Шарт бойынша SDF-ке тиесілі барлық төлемдер, басымдығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлемдерді қоспағанда, үшінші тұлғалардың кез келген талаптарына қарамастан, бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырылатын болады;
 - 14) Шарт талаптары мен осы Стандартты талаптар орындалмаған кезде Қарыз алушы жауап бермейтін мән-жайларды қоса алғанда, кез келген мән-жайларға сілтеме жасауға құқылы емес және мұндай мән-жайлар SDF үшін Шартта және осы Стандартты талаптарда көзделген оның құқықтарын іске асыруға кедергі болып табылмайды;
 - 15) Қарыз алушы өзінің қаржылық жағдайына елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін және Шарт бойынша өз міндеттемелері мен осы Стандартты талаптар бойынша жауап беру мүмкіндігі туралы ешқандай мән-жайлар туралы білмейді;
 - 16) Қарыз алушы оған Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындауға кедергі келтіруі мүмкін сот талқылауларына қатыспайды;
 - 17) егер Шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және болашақта туындамайды;
 - 18) Қарыз алушы немесе үшінші тұлға кепіл беруші ретінде Шартқа, осы Стандартты талаптарға және автокөлік құралының кепіл шартына сәйкес Кепіл нысанасын қосымша қамтамасыз ету немесе ауыстыру ретінде жүрілген жолы бар көлік құралын ұсынған жағдайда, мұндай көлік құралына қатысты қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және болашақта туындамайды.
- 13.3. Қосымша түрде Қарыз алушы - заңды тұлға осымен SDF-ке Шарт жасасу күніне келесі ақпаратты куәландырады және оған кепілдік береді (Қарыз алушы SDF осындай куәліктер мен кепілдіктерге сүйене отырып, Шарт жасасуға келіскенін мойындайды):
- 1) Шартты Қарыз алушының құрылтай құжаттарына және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қарыз алушының тиісті корпоративтік органы тиісті түрде мақұлдады; Қарыз алушының атынан Шартқа қол қойған тұлға Қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық тиісті өкілеттіктерге ие;
 - 2) Қарыз алушы тиісті түрде Қолданыстағы заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады; өз қызметін Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізеді; сол сәтте банкроттық, оңалту, қайта ұйымдастыру не таратуға ұшырамаған және құзыретті органдарда, оның ішінде соттарда аталған рәсімдерді қозғау туралы оған қатысты өтініштер жоқ;
 - 3) Қарыз алушының Шарт жасасуы Қарыз алушының құрылтай құжаттарына және Қарыз алушының үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелеріне қайшы келмейді;
 - 4) Қарыз алушының салықтарды, зейнетақы аударымдарын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешегі жоқ, олардың бар екендігі туралы Қарыз алушы SDF-ке хабарламаған.

13.4. Қарыз алушы осы Стандартты талаптардың 13.2, 13.3-тармақтарында қамтылған куәландырулар мен кепілдіктер Шарттың елеулі талаптары болып табылатынын растайды.

Осы Стандартты талаптардың 13.2, 13.3-тармақтарында көрсетілген куәліктер мен кепілдіктердің кез келгенін бұзу Шарттың елеулі бұзылуы болып табылады және көрсетілген тармақтарда қамтылған куәліктер мен кепілдіктер бұзылған жағдайда, SDF Қарыз алушыдан Микрокредит бойынша берешекті тиісті сыйақымен, тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдар, өсімпұлдар) бірге мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге, сондай-ақ Кепіл нысанасы үшін өндіріп алуға құқылы.

- 13.5. Егер Шарт жүрілген Көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Сатып алу-сату шартында SDF-ті нысаны және мазмұны бойынша қанағаттандыратын Дилердің Қарыз алушы алдындағы сатушы ретіндегі, Қолайсыз жағдайлар үшін сатып алушы ретіндегі жауапкершілігі туралы ереже болуы керек, олай болмаған жағдайда Қарыз алушының Микрокредит беруді талап етуге құқығы жоқ, ал SDF Микрокредит беруге міндетті емес.

14. НЖ (навигациялық жабдық)

- 14.1. НЖ кепіл нысанасына (көлік құралына) Қарыз алушының келісімімен ғана бекітіледі.
- 14.2. НЖ-ны орнатудың мақсаты Қарыз алушының Микрокредитті SDF-ке қайтару, сыйақы төлеу, мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерін, сондай-ақ міндеттемелерді орындау және автокөлік құралының тиісті кепіл шарты бойынша Қарыз алушыға шаралар қолдану мақсатында тиісінше орындауын қамтамасыз ету болып табылады.
- 14.3. НЖ-ны бөлшектеуге, қасақана зақымдауға, жоюға немесе өшіруге тыйым салынады. Осы тармақ бұзылған жағдайда SDF Қарыз алушыдан осындай талапта көрсетілген мерзім ішінде Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы. Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару туралы талап орындалмаған жағдайда, SDF Шарттың талаптарына, осы Стандартты талаптарға және автокөлік құралының тиісті кепіл шартына сәйкес кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға құқылы.
- 14.4. SDF НО көмегімен өзінің қалауы бойынша Қарыз алушыға Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің келесі қосымша шараларын қолдануға құқылы:
- 1) берілген ақпаратты жинау және өңдеу;
 - 2) кез келген уақытта Кепіл нысанасының орналасқан жерін және оның сақталуын тексеру;
 - 3) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау 31 (отыз бір) күннен артық уақытқа кешіктірілген жағдайда Қарыз алушының/кепіл берушінің Кепіл нысанасын пайдалану құқығын, атап айтқанда Кепіл нысанасын басқаруды бұғаттау (өшіру) жолымен шектеу;
 - 4) Қарыз алушыдан/Кепіл берушіден Қарыз алушы орындамаған міндеттемелерді өтеген сәтке дейін SDF таңдауы бойынша Кепіл нысанасын оның сақтау орнына ауыстыруды талап ету;
 - 5) Қарыз алушы бұрын орындалмаған міндеттемелерді орындағаннан кейін Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл нысанасын пайдалану құқығын шектеудің күшін жою.
- 14.5. Қарыз алушы/Кепіл беруші SDF-ке оған осы Стандартты талаптарда көрсетілген шараларды қолдануға даусыз, сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.
- 14.6. Қарыз алушы өзіне қолжетімді НО функцияларын жеке мақсаттарда пайдалануға құқылы.

15. Талаптар мен хабарламаларды жіберу

- 15.1. Тараптар осымен SDF Қарыз алушыға Шартта және осы Стандартты талаптарда көзделген құжаттарды Шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта, SDF таңдауы бойынша келесі тәсілдердің кез келгенімен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы ұсыну туралы талап жіберетінімен келіседі және оны растайды:
- 1) Қарыз алушыға талапты мәтіні бар хабарлама түрінде Қарыз алушының телефон нөміріне жіберу және/немесе
 - 2) Қарыз алушыға оның электрондық пошта мекенжайы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін пайдалана отырып, электрондық хабарлама жіберу арқылы және/немесе
 - 3) талапты тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен Қарыз алушының тіркелген мекенжайы бойынша, Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша жіберу арқылы және/немесе
 - 4) талапты тікелей Қарыз алушыға қолхатпен қолма-қол тапсыру арқылы және/немесе
 - 5) Қарыз алушының телефон нөмірі бойынша SDF талабы туралы Қарыз алушыға ауызша хабарлау арқылы және/немесе
 - 6) SDF өз қалауы бойынша анықтайтын кез келген басқа жолмен.
- 15.2. Тараптар осымен Қарыз алушының Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша талап етілетін құжаттарды SDF өкіліне алғаны туралы қолхатпен SDF-ке беруге міндетті екенімен келіседі және оны растайды.
- 15.3. Тараптар Қарыз алушыдан SDF-ке жіберілген кез келген хабарламалар, олар SDF-ке келесі тәсілдердің бірімен жіберілген кезде тиісті тәсілмен ресімделген және SDF алған деп есептелетінімен келіседі және оны растайды:
- 1) Дилердегі SDF өкіліне алғаны туралы қолхатпен тапсыру арқылы;
 - 2) курьерлік қызмет арқылы SDF орналасқан мекенжайға.
- 15.4. Қарызды сотқа дейінгі реттеу шеңберінде Қарыз алушының атына SDF жіберген хабарламалар, егер олар осы Стандартты талаптардың 9-бабында баяндалған талаптарды ескере отырып жіберілген болса, жеткізілген болып есептеледі.
- 15.5. Тараптар SDF-тен Қарыз алушыға жіберілген кез келген хабарламалар, олар Қарыз алушыға келесі тәсілдердің бірімен жіберілген кезде тиісті тәсілмен ресімделген және Қарыз алушы алған деп есептелетінімен келіседі және оны растайды:
- 1) тікелей Қарыз алушыға қолхатпен қолма-қол беру арқылы;
 - 2) Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама жіберу арқылы;
 - 3) Қарыз алушының электрондық пошта мекенжайы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін пайдалана отырып, электрондық хабарлама жіберу арқылы;
 - 4) пошта қызметі арқылы Қарыз алушының тіркелу және/немесе тұру мекенжайына жіберу арқылы;
- 15.6. SDF Қарыз алушының Шартқа және осы Стандартты талаптарға сәйкес SDF-ке жазбаша хабарламаған Қарыз алушының байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруінен туындаған хабарламаларды алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауап бермейді.
- 15.7. Тараптар осымен Қарыз алушы хабарламаларды жіберу және/немесе алуға арналған қандай да бір жедел байланыс құралдарын пайдаланудың барлық және кез келген тәуекелін (үшінші тұлғалардың кез келген қасақана әрекеттері, оның ішінде алаяқтық, жіберілген ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, сондай-ақ жедел байланыс құралдарының, қызметтерді жеткізушілердің немесе хабарламалар беру үшін пайдаланылатын жабдықтардың

жұмысындағы проблемалардан туындаған мұндай ақпаратты Қарыз алушы/SDF алғанға дейін жоғалту тәуекелін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) өзіне алатынын растайды.

- 15.8. SDF хабарландыруларды жіберу кезіндегі кез келген ақаулар және/немесе хабарлама жіберілуі және/немесе алынуы тиіс кез келген жабдықтың ақаулары үшін жауапты болмайды.
- 15.9. Сондай-ақ SDF, егер мұндай шығындар немқұрайлылықтың немесе SDF-тің өз міндеттерін қасақана орындамауының нәтижесі екендігі дәлелденбесе, SDF-тің хабарламаларды алмауы/уақтылы алмауы, үшінші тұлғалардың қаскүнемдік әрекеттері нәтижесінде туындаған Қарыз алушының шығынын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, жедел байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарламалар жіберуге байланысты Қарыз алушының кез келген шығыны үшін жауап бермейді.
- 15.10. Қарыз алушы оған келесі ақпарат бойынша SDF-тің жазбаша хабарлама/талаптар жолдау, телефон(дар) арқылы, Қарыз алушы SDF үшін байланыс нөмірлері ретінде жазбаша көрсеткен электрондық пошта, нөмір(лер) және мекенжай бойынша, сонымен қатар мәтіні бар хабарлама жіберу және SDF Мобильді қосымшасы арқылы хабарлама жіберуіне/хабарлауына келісім береді:
- 1) Қарыз алушының Шарт бойынша берешегі, оның ішінде мерзімі өткен берешек қалыптасқан бірінші күннен бастап Шарт бойынша төлемдер енгізу бойынша мерзімі өткен берешек бойынша ақпарат;
 - 2) Шарт бойынша міндеттемелерді бұзу бойынша ақпарат;
 - 3) Шартқа қатысты талаптар, және басқа да ақпарат;
- 15.11. SDF телефон қоңырауы(лары)/мәтіні бар хабарламалар/электрондық пошта немесе SDF-тің Мобильді қосымшасы арқылы жіберілген хабарламалар арқылы ұсынған ақпарат Қарыз алушы Стандартты талаптарға қосылу арқылы оның келісімімен берілген деп танылады.

16. Құпиялылық

- 16.1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан белгілі болған қаржылық, коммерциялық және өзге ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру немесе жариялау Шарттың талаптарына және осы Стандартты талаптарға сәйкес осындай ақпаратты SDF беру және/немесе сотта SDF мүдделерін білдіретін тұлғаға беру, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайлардан басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады.
- 16.2. Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы SDF-ке Шарт бойынша Микрокредит беру құпиясын заңды тұлға Агентке, SDF консультантына, Қарыз алушының жұмыс берушісіне (оның ішінде бұрынғы жұмыс берушісіне және/немесе Қарыз алушы көрсеткен жұмыс берушіге), Қолданыстағы заңнамада, мемлекеттік органдарда, соттарда, мемлекеттік және жеке сот орындаушыларында көзделген аудиттің әртүрлі түрлерін жүргізу кезінде аудиторлық ұйымға, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес омбудсманға, коллекторлық агенттіктерге, Шарт және осы Стандартты талаптар бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Қарыз алушыдан берешекті өндіріп алу бойынша SDF-ке жәрдем көрсететін заңды және жеке тұлғаларға, рейтингтік ұйымдарға, тәуелсіз бағалаушыларға, сондай-ақ SDF азаматтық-құқықтық шарттар (келісімдер) шеңберінде, оның ішінде ақпараттық жүйелерді/дерекқорларды интеграциялау мәселелері бойынша өзара әрекет жасайтын өзге де үшінші тұлғаларға (мемлекеттік органдарға, мекемелерге, ұйымдарға) жария етуге, беруге (SDF таңдау бойынша кез келген тәсілмен, қағаз түрінде де, электронды түрде де) келісім береді. Қарыз алушының Микрокредит беру құпиясын жария етуге келісімі құпияның барлық көлеміне және Шарттың және Стандартты талаптардың қолданылу кезеңіне қолданылады.

- 16.3. Шарт және осы Стандартты талаптар шеңберіндегі заңды тұлға Агент деп агенттік келісім негізінде SDF-ке қызмет көрсететін уәкілетті SDF-тің заңды тұлғасы түсініледі.
- 16.4. Шарт және осы Стандартты талаптар шеңберіндегі Консультант SDF пен Консультант арасында жасалатын тапсырма шарты негізінде SDF-ке қызмет көрсететін SDF уәкілеттік берген жеке тұлға болып табылады.
- 16.5. Тараптардың кез келгені екінші Тараптың құпия ақпаратын Шарт талаптарын және осы Стандартты талаптарды бұза отырып жария еткен жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен залалдарды өтей отырып, Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

17. Өзге шарттар

- 17.1. Айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбы, айыппұл, өсімпұл) есептеу Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады. Егер айыппұл санкциялары болмаса, онда олар есептелуге және төленуге жатпайды.
- 17.2. Тараптар Шарттың, осы Стандартты талаптар мен оған Қосымшалардың қолданыстағы заңнамамен реттелетіндігімен келіседі.
- 17.3. Тараптар мәмілеге келмеген жағдайда Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер SDF орналасқан жері бойынша Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сотпен шешілуге тиіс.
- 17.4. Қарыз алушы SDF-тің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт, осы Стандартты талаптар бойынша өз құқықтарын үшінші тарапқа беруге құқылы емес.
- 17.5. Қарыз алушының Шарт бойынша Микрокредитті өтеу жөніндегі міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауына жол беріледі.
- 17.6. Тараптың құқықтық мирасқоры Шарт бойынша Шартта және осы Стандартты талаптарда баяндалған талаптар құқықтары мен міндеттерді, оның ішінде ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты талаптар құқықтары мен міндеттерді тікелей өзіне қабылдайды.
- 17.7. Осы Шарт Өтінішке (Шарттың акцептіне) қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады. Қарыз алушы осы Шартты орындамаудың барлық шарттары мен салдары оған белгілі екенін растайды.